

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

ҚМГ БӨ Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын және Директорлар кеңесінің отырысын өткізді

Астана, 12 шілде 2013 ж. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (бұдан әрі – «ҚМГ БӨ», «Компания») 2013 жылдың 9 шілдесінде Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізіп, онда Директорлар кеңесінің төрағасы Ләззат Қиыновтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды. ҚМГ БӨ Директорлар Кеңесінің жаңа мүшесі болып, Компания Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзіміне «ҚазМұнайГаз»ҰК» АҚ корпоративтік даму жөніндегі Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Данияр Берлібаев сайланды.

2013 жылдың 10 шілдесінде өткен Директорлар кеңесінің отырысында Данияр Берлібаев ҚМГ БӨ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланды.

ҚМГ БӨ Директорлар кеңесі 2013 жылға арналған түзетілген бюджетті бекітті. Қайта қаралған бюджетке сәйкес, 2013 жылға күрделі салымдар 168 млрд. теңге (1 121 млн. АҚШ доллары)¹ мөлшерінде жоспарланып отыр, бұл 2012 жылдың желтоқсанында бекітілген 185 млрд.теңгемен (1 235 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда 17 млрд.теңгеге (114 млн.АҚШ доллары) аз.

Күрделі салымдардың төмендеуі геологиялық барлау шығыстарының 11 млрд. теңгеге (74 млн. АҚШ доллары) азаюымен байланысты. Бұл «Карповский Северный»ЖШС² (7 млрд. теңге немесе 49 млн. АҚШ доллары) есептеме әдістемесінің өзгеруімен және кесте мен бұрғылау (4 млрд.теңге немесе 25 млн.АҚШ доллары) жоспарының өзгеруінен туындады.

Бұдан басқа, жаңғырту бағдарламасын іске асыру жоспарлары қайта қаралып, 7 млрд.теңгеге (47 млн.АҚШ доллары) азайтылды. 2013 жылы жаңғырту бағдарламасына шығыстардың азайтылуы бірқатар нысандар құрылысы мерзімінің келесі жылдарға жылжытылуына байланысты.

5 еңіс бағытталған ұңғыманың және «Ембімұнайгаз» АҚ кен орындарында 6 эксплуатациялық ұңғының қосымша бұрғылануына байланысты, түзетілген бюджетте эксплуатациялық бұрғылау шығыстарын 1 млрд.теңгеге (8 млн.АҚШ доллары) ұлғайту қаралған.

Аталған шаралар ағымдағы экономикалық және өндірістік көрсеткіштерді есепке ала отырып, қаржы шығыстарын тиімді қамтамасыз етуге бағытталған.

АНЫҚТАМА

¹ Оқырмандарға қолайлы болуы үшін соммалар 150 теңге АҚШ доллары) бюджет бағамы бойынша АҚШ долларына ауыстырылды.

² 2012 жылдың қазанындағы 49% үлестік қатысты жүзеге асырумен байланысты үлестік қатыс әдісімен есептеледі. 2013 жылға арналған алдыңғы бюджетте 100% еншілес ұйым ретінде есептеледі.

ҚМГ БӨ мұнай өндіру көлемі жағынан Қазақстанда көшбасшылардың үштігіне кіреді. Компанияның өндіру көлемі «Қазгермұнай» БК ЖШС мен CCEL («Қаражанбасмұнай» АҚ) және «ПетроҚазақстан Инк.» компанияларындағы үлестерді есептегенде, 2012 жылы 12,2 млн. тоннаны (тәулігіне 247 мың баррель) құрады. ҚМГ БӨ-нің мұнайдың дәлелденген және болжамды қорларының көлемі 2011 жылдың соңындағы жағдай бойынша 226 млн. тоннаны (1,7 млрд. баррелді), ал еншілес компаниялардағы үлесті есептегенде 2,1 млрд. жуық баррелді құрайды. Компанияның акциялары Қазақстан Қор Биржасында, ал ғаламдық депозитарлық қолхаттары – Лондонның Қор Биржасында листингтен өтті. 2006 жылдың қыркүйегінде IPO кезінде Компания 2 миллиардтан астам АҚШ долларын тартты. 2011 жылдың желтоқсанында халықаралық Standard & Poors агенттігі ҚМГ БӨ несиелік рейтингін «BBB-» деңгейінде растады.

Данияр Берлибаев 2005-2007 жылдары «Интергаз Орталық Азия» АҚ бас директоры болып жұмыс істеді, сондай-ақ «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары қызметін қосымша атқарды. 2007-2009 жылдары «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ газ жобалары бойынша басқарушы директор болып қызмет етті. 2009-2011 жылдары «ҚазМұнайГаз-ПМ» АҚ бас директоры, одан соң «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директоры лауазымдарын атқарды. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ газ жобалары бойынша басқарушы директор болды. Қазіргі уақытта «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ корпоративтік даму жөніндегі Басқарма төрағасының бірінші орынбасары болып қызмет етеді.

Байланыстық ақпарат:

«ҚМГ БӨ» АҚ, Институционалдық инвесторлармен байланыс (+7 7172 97 54 33)
Әсел Қалиева
e-mail: ir@kmgep.kz

«ҚМГ БӨ» АҚ, Жұртшылықпен байланыс (+7 7172 97 79 15)
Жанна Ойшыбаева
e-mail: pr@kmgep.kz

Pelham Bell Pottinger (+44 207 861 3147)
Елена Добсон
e-mail: edobson@pelhambellpottinger.co.uk

Болашаққа қатысты мәлімдеме

Осы құжатта «болашаққа қатысты мәлімдеме» болып табылатын немесе есептелетін мәлімдеме қамтылған. Басқаларының арасындағы «санайды», «алдын ала бағалау бойынша», «күтіп отыр», «болжам бойынша», «ұйғарып отыр», «жоспарлап отыр», «ұйғарды», «болады» немесе «болуы тиіс» деген сөздерді қоса алғанда болашақты сипаттауға арналған терминология, не, әр жағдайда осыған ұқсас немесе пара-пар терминология, не талқылауға арналған сілтемелер, болашақ оқиғаның немесе ниеттің жоспарлары, мақсаттары, міндеттері келешекке қатысты мәлімдемені түсіндіруге арналған. Болашаққа қатысты аталған мәлімдеме тарихи фактілер болып табылмайтын барлық мәлімдемелерді қамтиды. Олар ниеттер, пікірлер туралы мәлімдемелерді және Компанияның солармен қатар қызметтің нәтижелеріне, қаржылық жағдайға, Компания жұмыс істеп отырған стратегиялар мен салалардың жойылымдылығына, перспективаларына, өсуіне қатысты күтулері туралы мәлімдемелерді шектеусіз қамтиды. Өз тұрғысында болашаққа қатысты өтінімдер болуы мүмкін келешектегі оқиғалар мен жағдайларға қатысты болғандықтан тәуекелмен және белгісіздікпен байланысты. Болашаққа қатысты мәлімдемелер қызметтің болашақ нәтижелерінің кепілдігі болып табылмайды және Компания қызметінің іс жүзіндегі нәтижелері, қаржылық жағдайы және қызметін тоқтатуы және Компания жұмыс істейтін елдер мен салалардың дамуы осы құжатта сипатталған нұсқалардан айтарлықтай өзгеше болуы немесе осы құжатта қамтылған болашаққа қатысты мәлімдемелерге сәйкес жүзеге асуы мүмкін. Компания жаңа ақпараттар алудың, болашақ оқиғалардың немесе қандай да бір өзге де жағдайдың нәтижесінде болса да осы құжатта қамтылған салаға қатысты қандай да болмасын ақпаратты немесе болашаққа қатысты қандай да болмасын мәлімдемені жаңартуды жоспарламайды және ол жөнінде өзіне міндеттеме алмайды. Компания болашаққа қатысты мұндай мәлімдемелерде айтылған нәтижелерге қол жеткізілетіндігіне қатысты ешқандай мәлімдеме жасмайды, ешқандай растау бермейді және ешқандай болжам жарияламайды.